Атамекен ауылдық округінің
жергілікті қоғамдастық кеңесі отырысының
№ 4 хаттамасы

Атамекен ауылы **30 қазан 2025 жыл.**

Қатысқандар: А.Мусалимова, С.Алдымжаров, А.Қуанышбаева, А. Хадымов

Шақырылғандар: Ауылдық округ әкімі – Ф. Умбеткалиев, бас маман – А. Иманкулова, бас маман- есепші З. Ибраева

Күн тәртібі:

1. Бюджет қаражатының пайдаланылатын бос қалдықтарын игеру туралы.

Тындалды:

Ф.Умбеткалиев – Атамекен ауылдық округ әкімі күн тәртібімен қатысқандарды таныстырды, содан кейін жергілікті қоғамдастық кеңесінің мүшелеріне сөз берді.

А. Хадымов сөз сөйледі: отырыс төрағасы С. А. Алдымжаров А. К. Мусалимова, хатшысы - А. Қ. Қуанышбаева болып тағайындалсын деп ұсыныс берді.

А. К. Мусалимова, дауысқа салды:

Қолдағандар – 4 адам.

Қалыс қалғандар – жоқ

Қарсы болғандар – жоқ

Барлық қатысушылар бірауыздан мақұлдады.

Ф.Умбеткалиев – Атамекен ауылдық округ әкімі сөз сөйледі: Бюджет қаражатының қалған бос қалдықтарды игеру туралы баяндады.

2025 жылдың басынан бастап бүгінгі күнге дейін игерілмеген бюджет қаражатының бос қалдықтары 2 528 919 теңгені құрады, сол қаражатты:

1) Ауылішілік жолдарына арналған құжаттарын, жер жобасын әзірлеу қызметтеріне,

2) Жастардың сұранысы бойынша спорттық жабдықтар және мәдени ұлттық киімдер сатып алуға,

3) Бейнебақылау жүйесіне батарея сатып алуға, пайдалануды ұсынамын.

С. А. Алдымжаров- жергілікті қоғамдастық кеңесінің мүшесі сөз сөйледі: Ағымдағы жылы игерілмеген бюджет қаражатының бос қалдықтарын жоғарыда аталған жұмыстар мен заттарға жұмсауға қарсылығым жоқ.

Жергілікті қоғамдастық жиналысының қатысқан мүшелері түгелдей бірауыздан мақұлдады.

Хаттамалық шешім:

1. Бюджет қаражатының бос қалдықтарын келесі қажетті заттарға жұмсау:

1) Ауылішілік жолдарына арналған құжаттарын, жер жобасын әзірлеу қызметтерін,

2) Жастардың сұранысы бойынша спорттық жабдықтар және мәдени ұлттық киімдер сатып алуға,

3) Бейнебақылауға батарея сатып алуға.

Төрайымы: **С.А. Алдымжаров**

Хатшысы: **А.Қ. Қуанышбаева**